

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мамыр айы 2024 жыл 1 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.05.2024	Сейсенбі 07.05.2024	Сәрсенбі 08.05.2024	Бейсенбі 09.05.2024	Жұма 10.05.2024
Балаларды қабылдау	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу.		Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу.		Достар әнімен қарсы алу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.		Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатқыны жайлы әңгімелесу.		Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Қимылды ойын:</b> «Жалаушаны тап», «Мысық пен тышқан» <b>Дене шынықтыру</b>		Фотосуреттер қарастыру: «Біз еңбекқор баламыз». <b>Әлеуметтік дағдылар</b>		Дидактикалық ойын: «Кімнің үйі» ұя, апанның суреті көрсетіледі, оларда тұратын жануарларды тауып орналастырады. <b>Әлеуметтік дағдылар</b>
Танертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды дамыту (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау)		Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау .		Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: -сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; -сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; -тура бағытта 4–6 м. арақашықтықта, «жыланша» еңбектеу;		<b>Музыка</b> Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыкаға сәйкес қимылдарды орындауға, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауға үйренеді. Билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануға талпынады.		<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру;

<p>-екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 м. қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; <b>Қимылды ойын: «Күміс алу»</b></p>				<p>сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру. <b>Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»</b></p>
<p>-Ал балалар көктемнің қай айы? Мамыр айының 7 жұлдызы күні отан қорғаушылар күні деп жарялады. Тәуелсіз Қазақстанның әскері жаңарып. Қарулы күштер жаңарып жатты. Дәстүр бойынша осы мереке күні президентіміз әскери қызметте көзге түскен немесе ерлік жасаған Қазақстан қарулы күштер қызметтерін марапаттайды. Себебі Отан қорғаушылар күні-түні еліміздің тыныштығы үшін қызмет етеді. Олар еліміздің тыныш, бейбітшілік өмір сүруіне мол үлестерін қосуда. <b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p>Отан сенің ата-анаң, Отан сенің бауырың. Отан өлкең астанаң, Отан аудан, ауылы! Демекші, біз Отанды сүюіміз керек, оны қадірлеп қастерлеуіміз керек, балалар. <b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>«Не істеуге болмайды?» Үлкендердің алдынан.....(кесіп өтуге) болмайды. Кішкене баланы.....(жылатуға) болмайды. Құстарды ..... (атуға) болмайды. Қыз баланы.....(ренжітуге) болмайды. Балабақшадан .....(кешігуге) болмайды. «Не істеу керек?» Үлкен кісіні.....(сыйлау) керек. Үлкеннің .....(тілін) алу керек. Үлкендерге ..(сәлем беру) керек. Кішілерді .....(қамқорлау) керек. Өйткені біз қорғаушылармыз. <b>Сөйлеуді дамыту.</b></p> <p>Ел басына күн туғанда Отанын қорғап, елге аман-сау оралған батырларымыз Бауыржан Момышұлы-қол басшы болған, Талғат Бегилдин т.б. батырларымыз көп. <b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p>Жеңіс келді ән болып Келді ауылға ән болып Жеңіс келді алақай Тоя жейтін ән болып <b>Көркем әдебиет</b></p>			<p>Туды салыстыру, ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру. <b>Математика негіздері</b></p> <p>Жеңіс күні құтты болсын, Құтты болсын аталар. Ұмытпайды ешқашанда Жауынгерді балалар. <b>Көркем әдебиет</b></p> <p>-Балалар жер шары балаларының тілегі не? -Дұрыс айтасындар, балалар барлық жер шарындағы балалардың тілегі осындай екен, ендеше балалардың тілегіне «Отан» өлеңін айтайық. – -Бейбітшілік болсын! -Соғыс болмасын! -Достық болсын! Балалар өлең жолдарын айтады. <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>

			Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру. <b>Математика негіздері</b>		
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуен</b>	<p><b>Бақбақ гүлін бақылау:</b> <b>Мақсаты:</b> - бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); —табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; —емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p><b>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты:</b> қимыл белсенділіктерін арттыру; ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</p>		<p><b>Жолжелкенді бақылау:</b> <b>Мақсаты:</b> емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.</p> <p><b>Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру.</b> <b>Мақсаты:</b> тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.</p>		<p><b>Жәндіктерді бақылау:</b> <b>Мақсаты:</b> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау.</p> <p><b>Жұмбақтар:</b> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. (ара)</p> <p>-Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. (шыбын)</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b>	Көктем жаз жайлы әңгімелесу.		Жұмбақ үйрету.		Санамак айтқызу.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Дұрыс тамақтану ережелері.		Балалардың сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.		Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мамыр айы 2024 жыл 2 апта**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.05.2024	Сейсенбі 14.05.2024	Сәрсенбі 15.05.2024	Бейсенбі 16.05.2024	Жұма 17.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу.	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу.	Көңілді күн әнімен қарсы алу.	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме.	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме.	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме.	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Абайла, қауіпті!» балалардың қауіпті жерлер туралы білімдерін кеңейту. <b>Әлеуметтік дағдылар</b>	<b>Дидактикалық ойын</b> «Достарыма қол ұшымды беремін» <b>Әлеуметтік дағдылар</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Суретті тіз» сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету. <b>Коммуникативтік дағдылар</b>	<b>Дидактикалық ойын</b> «Мен көмекшімін» көктемгі еңбектерді үйрету. <b>Әлеуметтік дағдылар</b>	<b>Сөздік ойын</b> «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер». <b>Әлеуметтік дағдылар</b>
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді.	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру.	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру;	<b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> -тізені жоғары көтеріп жүру; -шеңбер бойлап жүгіру;	<b>Музыка</b> <u>Музыка тыңдау:</u> Музыкалық шығарманы салыстыра білуге қалыптасады. <u>Ән айту:</u> Ән сөздерін дұрыс және анық айтуға,	<b>Қазақ тілі</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрысайтуға баулу. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды	<b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> -тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп

	<p>-сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; -тура бағытта 4–6 м. арақашықтықта, «жыланша» еңбектеу; -екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 м. қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру;</p> <p><b><u>Қимылды ойын:</u></b> <b>«Күміс алу»</b></p>	<p>тұрған жерінен ұзындыққа секіру; -тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.</p> <p><b><u>Қимылды ойын:</u></b> <b>«Поезд»</b></p>	<p>әннің сипатын бере білуге қалыптасады.</p> <p><b><u>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</u></b> Музыкаға сәйкес қимылдарды орындауға, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауға үйренеді. Билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануға талпынады.</p>	<p>жаттауға баулу.</p>	<p>қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; -сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; -екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 м. қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру.</p> <p><b><u>Қимылды ойын:</u></b> <b>«Допты дәлдеп лақтыр»</b></p>
	<p>Көктемнің екінші айы мамыр екенін. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ, бәйшешек, наркес гүлдері туралы ақпарат беру. Топтағы гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Балаларды екі гүлге сәйкес топтарға бөлу. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Бірінші топ гүлдерді қағаздан жасату. <b>(құрастыру, жапсыру)</b></p>	<p>Балалар қазақтың ұлттық киімдерін, аспаптарының қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b></p> <p>Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салдыру, бояу <b>(сурет салу)</b></p>	<p>Топтағы күн тәртібі бейнеленген тақтаға назарларын аудару. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p> <p>Жеке қима суреттер арқылы анықтату. <b>(математика негіздері)</b></p> <p>«Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшымен жасату. <b>(музыка)</b></p>	<p>Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Құмда сурет салу. <b>(сурет салу)</b></p>	<p><b>Қайырлы таң, балалар!</b> Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар!</p> <p>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Жеке балалармен үстелде ойыншықтарды ойнату <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуен</b>	<b><u>Ауа-райын бақылау:</u></b> <b>Мақсаты:</b> Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі	<b><u>Гүлзарды бақылау:</u></b> <b>Мақсаты:</b> Көктемгі гүлзар туралы	<b><u>Велосипедті бақылау:</u></b> <b>Мақсаты:</b> велосипедтің қажеттілігі туралы	<b><u>Құмырсқаларды бақылау:</u></b> <b>Мақсаты:</b> құмырсқалар туралы білімдерін	<b><u>Найзағайды бақылау:</u></b> <b>Мақсаты:</b> Табиғат құбылыстары туралы

	<p>табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Еңбек: Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <b>«Үшінші артық».</b> <b>Мақсаты:</b> ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: —Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру.</p>	<p>түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек: Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау.</p> <p><b>Қимылды ойын</b> <b>«Қай топ тез жиналады?».</b> <b>Мақсаты:</b> жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p>	<p>білімдерін тиянақтау.</p> <p>Еңбек: Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <b>«Теңге алу».</b> <b>Мақсаты:</b> ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны: «Затты нысанаға лақтыру» Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объектіні бағдарлай білулерін дамыту.</p>	<p>тиянақтау; зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Еңбек: «Ойын алаңын тазалау» Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <b>«Итеріспек».</b> <b>Мақсаты:</b> Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Жаттығу ойыны: «Қимылдарын дамыту» Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>шынайы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Еңбек: ауланы тырмамен тазалау, қоқыстарды шығару Мақсаты: шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету, ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <b>«Өз ағашыңды тап».</b> <b>Мақсаты:</b> ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.</p> <p>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және</b>	<p>Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексаздан қызғалдақ жасату. <b>(мүсіндеу)</b></p>	<p>Балаларға «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға дөңдерді жапсырып құмыраны сәндету. <b>(мүсіндеу)</b></p>	<p>Балбақша құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі</p>	<p>«Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарату, ойнап болған соң оларды</p>

<b>тағы басқа әрекеттер)</b>	Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету. <b>(музыка)</b>	ойындарға қатысуға ықпал ету, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. <b>(көркем әдебиет)</b>  Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндету, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. <b>(мүсіндеу)</b>	Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. <b>(сурет салу)</b>  «Жалқау қыз» ертегісін сахналау. <b>(көркем әдебиет)</b>	бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау. <b>(құрастыру )</b>  Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату. <b>(көркем әдебиет)</b>	жинату және орнына қойғызу, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды менгерту. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. <b>(құрастыру)</b>  Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды пысықтау. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. <b>(мүсіндеу)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Аяғөзге отбасы мүшелері туралы әңгімелеп, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіруді үйрету.	Ернарға табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды және атауға үйрету.	Балаларды мемлекеттік және ұлттық мерекелерге қатыстыру.	Райянаға кейбір табиғат құбылыстарын, табиғаттағы және ауа райындағы маусымдық өзгерістерді ажыратып үйрету.	Еркенұрға қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды үйрету.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Күн тәртібін сақтау	"тұмауды " алдын алу шаралары	Баланың тәртібі жайлы әңгіме	Әдептілік сөздерді үйренуін ескерту.	Бүгінгі күннің жетістігі туралы әңгімелесу.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мамыр айы 2024 жыл 3 апта**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 20.05.2024</b>	<b>Сейсенбі 21.05.2024</b>	<b>Сәрсенбі 22.05.2024</b>	<b>Бейсенбі 23.05.2024</b>	<b>Жұма 24.05.2024</b>
--------------------	--------------------------------	--------------------------------	--------------------------------	--------------------------------	----------------------------

Балаларды қабылдау	Көңілді күн әнімен қарсы алу.	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу.	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу.	Балаларды қоңыраумен қарсы алу.	Сикырлы сөздермен қарсы алу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме.	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме.	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме.	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/о: «Сөйлемді жалғастыр» Мақсаты: балаларды берілген тапсырманы мұқият тыңдап отыруға, үйрету. <b>Коммуникативтік дағдылар</b>	Сюжетті –рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: дәрігердің қызметін білгізу. <b>Шығармашылық дағдылар</b>	Көңілді санамақтар: «Санамақтар» Мақсаты: санауға деген қызығушылықтарын ояту. <b>Танымдық дағдылар</b>	Ертегі оқып беру: «Шалқан» Мақсаты: ертегісіні үстел үстінде театрландыру. <b>Коммуникативтік дағдылар</b>	Саусақ ойыны: «Кірпі» Момақанмын алайда, Тікенім көп абайла. Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме, жарай ма. <b>Коммуникативтік дағдылар</b>
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.	Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.	Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту.	Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.	Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; -сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын	<b>Музыка</b> Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыкаға сәйкес қимылдарды орындауға, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауға үйренеді. Билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға,	<b>Қазақ тілі</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау.	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре



	жүгіру; -тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу; -екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 м. қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру;  Қимылды ойын: «Күміс алу»	үйлестіре жүру; шеңбер бойлап жүгіру; допты екі қолымен жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру; -тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру; Қимылды ойын: «Күміс алу»	таныс би қимылдарын ойындарда қолдануға талпынады.		жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру;  Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»
	Гүлдер топырағы құрғап, ойыншықтар кірлеп қалғанын бақылатып оларды суарып топты жинап ретке келтіруді ұйымдастыру. Өсімдіктерге күтім жасауға баулуды жетілдіру. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b>  «Әтеш пен бұлбұл» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізгі ойын балаларға түсіндіру. <b>(көркем әдебиет)</b>	«Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинату. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен байыту. Оларды салыстыруды дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b>  Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексиздан жасап жабыстырғызу. <b>(мүсіндеу)</b>	Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу. <b>(көркем әдебиет, музыка)</b>  Орыс халқының ұлттық орамалына қарап, суретін бояту. Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау.  <b>(сурет салу).</b>	Ғажайып қоржындағы ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қоржындағы ойыншықтарды шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасау. <b>(математика негіздері)</b> Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету <b>(құрастыру)</b>	Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту. Фильм арқылы көрсету. Тәй тәй әнін айтқызу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>  Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, оң және сол. Үстел үстінде бағыттар белгіленген карточкалармен ойын ойнату <b>(математика негіздері)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуен</b>	Кемпірқосақты бақылау:	Көбелектерді бақылау: Мақсаты: көбелектер	Бақылау: Бал арасын бақылау.	Бақылау: Өрт сөндіргіш	Бақылау: Жаңбырды

	<p>Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.</p> <p>Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.</p> <p>Мақсаты: үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».</p> <p>Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.</p>	<p>туралы білімдерін молайту.</p> <p>Еңбек: Гүлзардағы қоқыстарды жинау.</p> <p>Мақсаты: еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</p> <p>Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар».</p> <p>Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүгіруге, өрмелеуге жаттықтыру.</p> <p>Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат»</p> <p>Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру.</p>	<p>Мақсаты: Балаларға өздеріне таныс жәндік бал арасы туралы түсінік беру, оның ерекшеліктерін және гүлге қонуын бақылау.</p> <p>Еңбек: Алаңдағы қоқысты жинақтау.</p> <p>Қимылды ойын: Жаттығу ойын: «Дәлме – дәл жүргізу. «Бақташы мен үйір»</p>	<p>машинаны бақылау.</p> <p>Мақсаты: Жалпы машина құрылымымен оның бөліктерімен толық таныстыра отырып, қызығушылығын арттыру.</p> <p>Еңбек: құм салғыштағы құмды тазалау.</p> <p>Мақсаты: тазалыққа, ұжыммен бірігіп жұмыстануға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Орныңды тап»</p> <p>Мақсаты: балалар айнала дөңгеленіп, екі екіден бірінің артынан бірі тұрады. Екі ойыншы жүгіріп, бір – бірін қуалайды.</p> <p>«Ақ терек, көк терек» ойыны.</p>	<p>бақылау.</p> <p>Мақсаты: Балаларға жазғы жаңбыр туралы түсінік бере отырып, судың қасиеттерімен таныстыру.</p> <p>Еңбек: Құмды тазалау.</p> <p>Қимылды ойын: «Жауады – жаумайды»</p> <p>«Қолшатыр»</p> <p>Мақсаты: Кеңістікке бағдарлап, жүгіре білуге үйрету.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Балаларға ермексаздан әр балаға бір адам пішінін жасату. Ақ қағаздан әр бала адам сұлбасын адамдардың қолдарын ұстатып қосып жапсырту. <b>(мүсіндеу, жапсыру)</b></p> <p>«Достық» туралы жаттаған әнін айтқызу. <b>(музыка)</b></p>	<p>Халықтар достығы дегеніміз не? басқа ұлт өкілдерін қалай танимыз? Суреттер арқылы әңгімелесу. <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p>Балаларға әр түрлі ұлттың халық әндерін тыңдатып, би билету. <b>(музыка)</b></p> <p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету. <b>(жапсыру)</b></p>	<p>Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Жиын жасату. <b>(математика негіздері)</b></p> <p>«Үш аю» орыс халық ертегісін оқып беру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру. <b>(мүсіндеу)</b></p> <p>Конструктордан үйшік құрастыру дағдыларын қалыптастыру. <b>(құрастыру)</b></p>	<p>Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау. <b>(жапсыру)</b></p> <p>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттері. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздеріне ойыншық жасауына мүмкіндік беру. <b>(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Еркенұрға «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді білуді үйрету.</p>	<p>Ернарға негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету.</p>	<p>Аягөзге тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып секіруді үйрету.</p>	<p>Райянаға еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдауды үйрету.</p>	<p>Балаларға қағаздан симметриялық пішіндерді қия отырып, түрлі үйлесімдікте сюжетті суреттерді салуға машықтандыру.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>«Баланы суықтап қалудан сақтандыру» кеңес беру.</p>	<p>Балалар мен логикалық ойындар ойнау.</p>	<p>«Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме.</p>	<p>Мозайка мен қыс көрінісін құрастыру.</p>	<p>«Бала демалысын ұйымдастыру» Еркін ойындар.</p>

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Мамыр айы 2024 жыл 4 апта**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.05.2024	Сейсенбі 28.05.2024	Сәрсенбі 29.05.2024	Бейсенбі 30.05.2024	Жұма 31.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу.	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу.	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу.	Смайлик арқылы қарсы алу.	Достық тілегімен қарсы алу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Маша мен аю» ертегі Мақсаты: ертегіні оқып беру, кейіпкерлермен таныстыру. <b>Коммуникативтік дағдылар</b>	«Бөлме гүлдері». Мақсаты: өсімдік күтімімен таныстыру <b>Әлеуметтік дағдылар</b>	«Даладағы ауа-райы». Мақсаты: өлі табиғат нысандары- су, жер, ауа, күннің көзін ажыратады <b>Әлеуметтік дағдылар</b>	Дидактикалық ойын: «Жануарлар қалай дыбыстайды» Мақсаты: жануарлардың дыбыстарын сала білу. <b>Коммуникативтік дағдылар</b>	Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Мақсаты: мамандық иелерін атай білу. <b>Коммуникативтік дағдылар</b>
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру.	таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: - шеңбер бойлап жүгіру; - допты екі қолымен жоғарыға, еденге	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: - тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта	<b>Музыка</b> Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуге қалыптасады. Ән айту: Ән сөздерін	<b>Қазақ тілі</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау.	<b>Дене шынықтыру</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: - тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп

	(жерге) қарай төмен лақтыру. Қимылды ойын: «Күміс алу»	орналасқан тақтай бойымен жүру. Қимылды ойын: «Күміс алу»	дұрыс және анық айтуға, әннің сипатын бере білуге (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді) қалыптасады.		қол мен аяқ; -қозғалыстарын үйлестіре жүру. Қимылды ойын: «Күміс алу»
	«Арыстан мен тышқан» ертегісімен таныстыру. Мақсаты: балаларды әңгіме айтуға үйрету, бірнеше шығармаларды атауға, мазмұндауға, сахналауға үйрету. <b>Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша заттарды салыстыру. <b>Математика негіздері</b>	Домбыра ертегісімен таныстыру. Мақсаты: қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру. <b>Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> Домбыраның суретін бояу, пазл құрастыру. <b>Сурет салу, құрастыру</b>	«Түлкі мен тырна» ертегісімен танытыру. Мақсаты: қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. <b>Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту</b>	«Өрмекші, қарлығаш, құмырсқа» ертегісін таныстыру. <b>Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту</b> Шығармаларды атауға, мазмұндауға, сахналауға үйрету. <b>Көркем әдебиет</b> Қағаздан өрмекші жасау. <b>Құрастыру</b>	«Бір үзім нан» ертегісі. Мысалы: суретке қарап әңгіме құрауды, шығарманы мазмұндауды үйрету. <b>Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру</b> Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей заттарды салыстыру. <b>Математика негіздері</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуен</b>	Бақылау: Ауаны бақылау. Мақсаты: Ауаны көру тәжірибелерін жасауға үйрету, ауаның адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Еңбек: Гүлзардағы өсімдіктерді қопсыту. Қимылды ойын: «Самолеттер» шашырап жүгіру.	Бақылау: Мысықты бақылау. Мақсаты: Балаларға үй жануарларының бірі – мысық туралы түсінік беру. Еңбек: Кішкене ыдысқа сүт құйып, мысықты тамақтандыру. Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: ептілікке, тез	Бақылау: Аққайың ағашын бақылау. Мақсаты: Қайың ағашын басқа ағаштардан ажырата білу. Оның сұлулығын білу. Қимылды ойын: «Түлкі, түлкі», «Кім жылдам» Мақсаты: жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. Еңбек: Ойын алаңын	Бақылау: Гүлдерді бақылау. Мақсат. Жаз мезгілінің ерекшелігін сипаттау, гүлдерге қамқор болуға үйрету. Қимылды ойын: «Мергендер» Мақсаты: Жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке үйрету.	Бақылау: Құмды бақылау. Мақсаты: заттың қасиетін анықтап, сипаттай білулерін жетілдіру. Қимылды ойын: «Ескерткіш» Мақсаты: жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке баулу. Еңбек: Сулы құмнан

	«Қалпақ пен таяқша» лақтыру.	жүгіруге үйрету. Құм үстінде ойын.	сыпыру. Мақсаты: Бірлесе еңбек етуге баулу.		бейнелер жасау. Мақсаты: Бірлесе еңбек етуге баулу.
<b>Серуеннен оралу</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Арыстан мен тышқанның суретін бояу, құрасытру, жабыстыру, ермексаздан мүсіндеу <b>Шығармашылық дағдылар</b>	Ермеказдан домбыра жасау. <b>Мүсіндеу</b>  Домбыраның бейнесін жабыстыру. <b>Жапсыру</b>  Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру. <b>Математика негіздері</b>	Түлкінің бейнесін жасау, ермексаздан суретін бояу, тырнаның бейнесін жабыстыру. <b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу</b>  таным бірнеше шығармаларды атауға, мазмұндауға, сахналауға үйрету. <b>Көркем әдебиет</b>	Бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру. <b>Математика негіздері</b>  Қарлығаштың суретін жабыстыру. <b>Жапсыру</b>  Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. <b>Сурет салу</b>	Құрылыс материалдарынан құрастыру бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету. Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. <b>Құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Райянаға жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуды үйрету.	Аяғөзге допты екі қолымен жоғарыға лақтыруды үйрету.	Ернарға ән сөздерін дұрыс және анық айтуды үйрету.	Еркенұрға жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуды үйрету.	Райянаға допты екі қолымен жоғарыға лақтыруды үйрету.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға кеңес: «Отбасындағы өзіндік ережелер»	Ата-анаға кеңес: мысалы: «балалардың өзара қарым-қатынасы»	Балалардың бүгінгі жетістігі (әңгімелесу).	Кеңес: әр баланың ынтасы туралы айту	«Отбасым – бақыт мекенім» тақырыбына әңгімелесу.

